

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери клиникалық госпиталін Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 қазандағы N 984 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қарашадағы № 1182 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 № 1182 қаулысымен.**

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Алматы қаласы әкімінің Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 222 мекен-жайында орналасқан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери клиникалық госпиталін (бұдан әрі - госпиталь) республикалық меншіктен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Алматы қаласының әкімі госпитальді қабылдап алумен бір мезгілде Алматы қаласында госпитальді орналастыру үшін салынған мүліктік кешенді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне берсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен госпитальді Алматы қаласының коммуналдық меншігіне және госпитальді орналастыруға арналған мүліктік кешенді республикалық меншікке қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*